

## Қазақстан Республикасында медициналық көмектің сапасын басқаруды жетілдіру жөніндегі 2026 – 2030 жылдарға арналған кешенді жоспарды бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2026 жылғы 11 наурыздағы № 161 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасында медициналық көмектің сапасын басқаруды жетілдіру жөніндегі 2026 – 2030 жылдарға арналған кешенді жоспар (бұдан әрі – Кешенді жоспар) бекітілсін.

2. Кешенді жоспардың орындалуына жауапты орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдар, мүдделі ұйымдар (келісу бойынша):

1) Кешенді жоспарда көзделген іс-шаралардың уақтылы іске асырылуын қамтамасыз етсін;

2) жылына екі рет, есепті жартыжылдықтан кейінгі 15 қаңтардан және 15 шілдеден кешіктірмей, Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігіне Кешенді жоспардың орындалу барысы туралы ақпарат беріп тұрсын.

3. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі жылына екі рет, есепті жартыжылдықтан кейінгі 15 ақпаннан және 15 тамыздан кешіктірмей, Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппаратына Кешенді жоспардың орындалу барысы туралы жиынтық ақпарат беріп тұрсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігіне жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

О. Бектенов

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2026 жылғы 11 наурыздағы  
№ 161 қаулысымен  
бекітілген

## Қазақстан Республикасында медициналық көмектің сапасын басқаруды жетілдіру жөніндегі 2026 – 2030 жылдарға арналған кешенді жоспар

### Паспорт

1.	Атауы	Қазақстан Республикасында медициналық көмектің сапасын басқаруды жетілдіру жөніндегі 2026 – 2030 жылдарға арналған кешенді жоспар

2.	Әзірлеу үшін негіз	<p>Мемлекет басшысының 2025 жылғы 8 қыркүйектегі "Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу атты Қазақстан халқына Жолдауы";</p> <p>"Мемлекет басшысының 2025 жылғы 8 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасының Үкіметі отырысының 2025 жылғы 9 қыркүйектегі № 33 хаттамалық тапсырмасы (21-тармақ)</p>
3.	Іске асыру мерзімі	2026 – 2030 жылдар
4.	Әзірлеуші мемлекеттік органның және бірлесіп орындаушылардың атауы	<p>Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі;          Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі;          Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі;          Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің "Салидат Қайырбекова атындағы Ұлттық денсаулық сақтауды дамытудың ғылыми орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны;          Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің "Республикалық электрондық денсаулық сақтау орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны;          "Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры" коммерциялық емес акционерлік қоғамы;          жергілікті атқарушы органдар;          аккредиттеу орталықтары:          "Денсаулық сақтау сапасы және аккредитация институты" қоғамдық бірлестігі;          "ACCREDITATION CENTER FOR QUALITY IN HEALTHCARE" (ACQH) қоғамдық бірлестігі</p>
		<p>Қазақстан Республикасының қазіргі заманғы денсаулық сақтау жүйесі пациент сұранысына бағдарланған медициналық көмектің сапасын, қауіпсіздігін</p>

5.

Қабылдау қажеттігі туралы  
қысқаша ақпарат

және тиімділігін арттыруға бағытталған түрлену кезеңінде. Сонымен бірге пациенттер үшін сапаны қамтамасыз етудің және тәуекелдерді төмендетудің тұтас моделінің дамуына кедергі келтіретін жүйелік шектеулер сақталуда.

Медициналық көмек сапасын басқарудың қазіргі заманғы үлгісіне өту талабы деректерге, цифрлық құралдарға, жасанды интеллект технологияларына және барлық қатысушылардың жауапкершілігін арттыруға негізделген медициналық қызметтердің сапасы мен көлемін бақылаудың жаңа жүйесін құруды болжайды.

Сапаны басқарудың қолданыстағы жүйесінде негізгі проблемалар сақталып отыр:

реттеуші құралдардың бытыраңқылығы (лицензиялау, аккредиттеу, сертификаттау және сапа сараптамасы цифрлық интеграциясыз оқшауланып жұмыс істейді);

медициналық қызметті лицензиялау негізінен экономикалық рұқсат беру сипатында және денсаулық сақтау саласында стратегиялық бақылауды қамтамасыз етпейді;

лицензиялардың мерзімсіз сипаты және формальды ең төмен талаптар денсаулық сақтау субъектілерінің ерекшелігі мен әлеуетінің деңгейін ескермейді; ұйымдарды аккредиттеуде формальды сипат сақталуда және аккредиттеуден кейінгі мониторингпен бірге жүрмейді;

медициналық көмекті стандарттау қызметінің барлық кіші түрлерін қамтымайды, клиникалық хаттамаларды үнемі жаңартып тұрудың орнықты ұйымдастырушылық тетіктері жоқ ;

сапаның сыртқы және ішкі сараптамасы бытыраңқы және негізінен формальды бақылауға бағытталған;

шешім қабылдау процестеріне кәсіптік қауымдастықтар мен пациенттердің жеткіліксіз атсалысуы;

пациенттерді қолдау қызметтерінің тәуелсіз болуы және сапаны басқару процестеріне ықпалы жеткіліксіз;

бірыңғай цифрлық бақылау жүйесі жоқ, бұл деректердің дұрыс болмауы тәуекелдерін туындатады және талдау мүмкіндіктерін шектейді.

Бұл проблемалар мемлекеттік реттеудің тиімділігін төмендетеді, пациенттер үшін қауіпті ерте анықтау мүмкіндіктерін шектейді және медициналық ұйымдарда орнықты сапа мәдениетінің дамуына кедергі келтіреді.

Қазақстан Республикасында медициналық көмектің сапасын басқаруды жетілдіру жөніндегі 2026 – 2030 жылдарға арналған кешенді жоспар лицензиялау, аккредиттеу, стандарттау және сараптама процестерін біріктіретін сапаны реттеудің тұтас жүйесін қалыптастыруға бағытталған.

Кешенді жоспар әдіснамалық және талдамалық орталық ретінде Ұлттық сапа институтын құруды, кәсіптік сараптама қызметін дамытуды, лицензиядан кейінгі бақылау мен аккредиттеуден кейінгі мониторингтің цифрлық тетіктерін енгізуді, сондай-ақ кәсіптік әлеуетті және азаматтардың денсаулық сақтау жүйесіне деген сенімін күшейтуді көздейді.

Кешенді жоспарды іске асыру жүйеге қатысушылардың бәрінің іс-қимылының келісілуін қамтамасыз етеді, сапаны басқарудың ашықтығы мен нәтижелілігін арттырады, сондай-ақ ұлттық денсаулық сақтау жүйесін халықаралық стандарттарға жақындатады.

№	Атауы	Аяқтау нысаны	Жауапты орындаушылар	Орындау мерзімі	Қаржыландыру көлемі	Қаржыландыру көздері
---	-------	---------------	----------------------	-----------------	---------------------	----------------------

1	2	3	4	5	6	7
---	---	---	---	---	---	---

Күтілетін нәтижелер:

- 1) лицензиялаудың жаңа моделіне көшу: денсаулық сақтау субъектілерінің 90 %-ының лицензиялаудың жаңа моделіне көшуі (2027 ж. – кемінде 50 %, 2028 ж. – 60 %, 2029 ж. – 80 %, 2030 ж. – 90 %), медициналық ұйымдарды лицензиядан кейінгі бақылаумен қамту 2030 жылға қарай 70 %-ға дейін (2027 ж. – кемінде 30 %, 2028 ж. – 50 %, 2029 ж. – 60 %, 2030 ж. – 70 %);
- 2) 2026 жылдан бастап бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау жүргізудің цифрлық моделін қалыптастыру;
- 3) медициналық ұйымдардың кемінде 80 %-ын жаңа стандарттар бойынша аккредиттеу (2027 ж. – кемінде 40 %, 2028 ж. – 50 %, 2029 ж. – 70 %, 2030 ж. – 80 %), аккредиттелген медициналық ұйымдарды аккредиттеуден кейінгі мониторингпен қамту 2030 жылға қарай 70 %-ға дейін (2027 ж. – кемінде 30 %, 2028 ж. – 50 %, 2029 ж. – 60 %, 2030 ж. – 70 %);
- 4) цифрландырылған стандарттар мен медициналық көмек көрсету қағидаларының үлесі 2028 жылға дейін 100 % (2026 ж. – 50 %, 2027 ж. – 70 %, 2028 ж. – 100 %);
- 5) 2027 жылдан бастап сапа сараптамасының үш компонентті моделін (ішкі, ЖИ қолданылатын автоматтандырылған сыртқы, түпкі себептерге талдау жүргізілетін мультипәндік) енгізу;
- 6) медициналық көмектің сапасы мен көлемі ЖИ технологиялары қолданылып мониторингіленетін жағдайлардың үлесі 2028 жылға қарай кемінде 20 % (2026 ж. – 5 %, 2027 ж. – 10 %, 2028 ж. – 20 %);
- 7) 2030 жылға қарай барлық меншік нысанындағы денсаулық сақтау субъектілерінің ішкі сараптамасының цифрлық деңгейін 60 %-ға жеткізу (2027 ж. – 20 %, 2028 ж. – 30 %, 2029 ж. – 40 %, 2030 ж. – 60 %);
- 8) медициналық көмектің сапасын бақылау жөніндегі сарапшыларды оқыту мен қамту 2030 жылға қарай 100 % (2027 ж. – 50 %, 2028 ж. – 60 %, 2029 ж. – 80 %, 2030 ж. – 100 %);
- 9) меншік нысанына қарамастан барлық ұйымдарда пациенттерді қолдау қызметінің 2030 жылға қарай 100 % болуы (2028 ж. – 50 %, 2029 ж. – 80 %, 2030 ж. – 100 %);
- 10) меншік нысанына қарамастан денсаулық сақтау субъектілерінің 100 %-ын 2030 жылға қарай РБЖ АЖ-ға қосу (2027 ж. – 50 %, 2028 ж. – 70 %, 2029 ж. – 90 %, 2030 ж. – 100 %)

1-бағыт. Медициналық көмек (қызметтер) көрсету саласындағы негізгі реттеуші құралдарды жаңғырту

1	1-ші іс-шара. "РБЖ 2.0" А Ж интеграциясы н ескере отырып, медициналық қызметті лицензиялау қағидаларын өзектілендіру	ДСМ бұйрығы	ДСМ	2026 жылғы 4-тоқсан	талап етілмейді	талап етілмейді
2	2-ші іс-шара. Барлық меншік нысанындағы денсаулық сақтау ұйымдарын медициналық		ДСМ			

	бұйымдармен жаратқандырудың жаңа стандарттарының әзірлеу және өзектілендіру	Д С М бұйрығы		2026 жылғы 4-тоқсан	талап етілмейді	талап етілмейді
3	3-ші іс-шара. Медициналық қызметті лицензиялаудың 5 жылдық мерзімін белгілеу бойынша ұсыныстар әзірлеу	ҰЭМ-ге ұсыныс	ДСМ	2026 жылғы 4-тоқсан	талап етілмейді	талап етілмейді
4	4-ші іс-шара. Бейінді өзгерту, көрсетілетін қызметтер тізбесін кеңейту, меншік нысанын ауыстыру немесе жүйелік ақауларды анықтау кезінде лицензиядан кейінгі бақылау үшін "РБЖ 2.0" А Ж алгоритмін әзірлеу	техникалық тапсырма	ДСМ, РЭДСО (келісу бойынша)	2026 жылғы 2-тоқсан	көзделген қаражат шеңберінде	РБ, 001 " Денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру " бағдарламасы 1 0 4 " Ақпараттық жүйелердің жұмыс істеуін қамтамасыз ету және мемлекеттік органды ақпараттық-техникалық қамтамасыз ету" кіші бағдарламасы
5	5-ші іс-шара. "РБЖ 2.0" А Ж -ге лицензиаттың нақты қызметінің мәлімделген қуатқа сәйкестігінің	техникалық тапсырма	ДСМ, РЭДСО (келісу бойынша)	2026 жылғы 2-тоқсан	көзделген қаражат шеңберінде	РБ, 001 " Денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру " бағдарламасы 1 0 4 " Ақпараттық жүйелердің жұмыс істеуін қамтамасыз

	цифрлық мониторингін қолдану					ету және мемлекеттік органды ақпараттық-техникалық қамтамасыз ету" кіші бағдарламасы
6	6-ші іс-шара. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау жүргізу үшін "РБЖ 2.0" АЖ-де МФБК сарапшылары үшін модуль енгізу. Бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау шеңберінде "РБЖ 2.0" АЖ-да медициналық көмектің сапасы бойынша индикаторларды автоматтандыру	"РБЖ 2.0" ақпараттық жүйесінің модулі	ДСМ, РЭДСО келісу бойынша)	(2026 жылғы 4-тоқсан	көзделген қаражат шеңберінде	РБ,001 "Денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру" бағдарламасы 104 "Ақпараттық жүйелердің жұмыс істеуін қамтамасыз ету және мемлекеттік органды ақпараттық-техникалық қамтамасыз ету" кіші бағдарламасы
7	7-ші іс-шара. Халықаралық тәжірибені қолдана отырып, медицина инспекторларының біліктілігін арттырудың жыл сайынғы курстарын өткізу	оқыту бағдарламасы	ДСМ, ҰДСДҒО келісу бойынша)	(жыл сайын, 2027 – 2029 жылдар		бюджеттен тыс қаражат

8	8-ші іс-шара. Медициналық ұйымдарды аккредиттеудің бірыңғай стандартын қалыптастыру	ДСМ бұйрығы	ДСМ, ҰДСДҒО (келісу бойынша)	2026 жылғы 4-тоқсан	талап етілмейді	талап етілмейді
9	9-ші іс-шара. Аккредиттеуші ұйымдармен кәсіптік қоғамдастықтардың аккредиттеуден кейінгі мониторинг өлшемшарттарының өзектілендіру және күшейту	ДСМ бұйрығы	ДСМ	2026 жылғы 2-тоқсан	талап етілмейді	талап етілмейді
10	10-ші іс-шара. Барлық аккредиттелген медициналық ұйымдарды аккредиттеуден кейінгі мониторингпен қамту	ДСМ-ге ақпарат	аккредиттеу орталықтары (келісу бойынша)	жыл сайын, 2026 – 2030 жылдар	талап етілмейді	талап етілмейді
11	11-ші іс-шара. Аккредиттеу кезінде медициналық көмек көрсету саласындағы мемлекеттік органның өкілін бақылаушы ретінде дауыс беру құқығынсыз) қатысуын регламенттеу бөлігінде жаңа тәсілді қолданумен медициналық ұйымдарды аккредиттеу рәсімін жетілдіру	ДСМ бұйрығы	ДСМ	2026 жылғы 4-тоқсан	талап етілмейді	талап етілмейді

12	12-ші іс-шара. Аккредиттеу жүргізу рәсімін бәсекелестік ортадан мемлекеттік жүйеге және бірыңғай өзін-өзі реттеуші ұйымға беру мәселесін қарау	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар	ДСМ	2026 жылғы1-тоқсан	талап етілмейді	талап етілмейді
13	13-ші іс-шара. Мемлекеттік бақылау қорытындылары бойынша өрескел бұзушылықтар анықталған кезде медицина қызметкерлері мен басшыларды кезектен тыс аттестаттау жүйесіне сапа және қауіпсіздік жөніндегі құзыреттерді бағалау өлшемшарттарын әзірлеу	ДСМ бұйрығы	ДСМ	2027 жылғы 2-тоқсан	талап етілмейді	талап етілмейді
2-бағыт. Жасанды интеллект технологияларын қолданумен медициналық көмектің сапасын сараптаудың жаңа моделін қалыптастыру. Ұлттық сапа институтын құру						
14	1-ші іс-шара. ҰДСДҒО базасында денсаулық сақтау саласындағы Ұлттық сапа институтын құру мәселесін қарау	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар	ДСМ, Қаржымині, ҰЭМ	2026 жылғы4-тоқсан	талап етілмейді	талап етілмейді
	2-ші іс-шара. Медициналық көмек көрсету					

15	стандарттары мен қағидаларын цифрлық ресімдеу	ДСМ-ге ақпарат	ӘлМСҚ келісу бойынша)	( жыл сайын, 2026 – 2028 жылдар		бюджеттен тыс қаражат
16	3-ші іс-шара. Жаңа тәсілдерді қолдана отырып, клиникалық хаттамаларды өзектілендіруді жетілдіру	ДСМ бұйрығы	ДСМ, ҰДСДҒО келісу бойынша)	( 2026 жылғы 4 -тоқсан	талап етілмейді	талап етілмейді
17	4-ші іс-шара. Клиникалық хаттамаларды, оның ішінде өзектілендірілген хаттамаларды енгізу мониторингі	ДСМ-ге ақпарат	ҰДСДҒО келісу бойынша), ЖАО	( жыл сайын, 2026 – 2030 жылдар	көзделген қаражат шеңберінде	РБ, 001 " Денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру " бағдарламасы 103 " Әлеуметтік-саяси зерттеулер аналитикалық зерттеулер жүргізу және консалтингтік қызметтер көрсету" кіші бағдарламасы
18	5-ші іс-шара. Медициналық көмек көрсетудің операциялық рәсімдерінің стандарттары н әзірлеу	ДСМ бұйрығы	ДСМ, ҰДСДҒО келісу бойынша)	( 2028 жылғы4-тоқсан	талап етілмейді	талап етілмейді
19	6-ші іс-шара. Медициналық қызмет индикаторларына қол жеткізу/қол жеткізбеу нәтижелері бойынша	ДСМ бұйрығы	ДСМ, ӘлМСҚ келісу бойынша)	( 2027 жылғы 4 -тоқсан	талап етілмейді	

	балдық жүйені әзірлеу				талап етілмейді
20	7-ші іс-шара. ТМҚКК шеңберінде немесе МӘМС жүйесінде медициналық көмек көрсететін ұйымдардың индикаторларға қол жеткізуін/қол жеткізбеуін жедел мониторингтеу үшін негізгі деректерді жинауды, талдауды және ұсынуды автоматтандыру	"Saqtandyru" АЖ-дағы "МКТБЖ" модификациясы	ДСМ, РЭДСО (келісу бойынша), ӘлМСҚ (келісу бойынша)	( 2027 жылғы4-тоқсан	бюджеттен тыс қаражат
21	8-ші іс-шара. ЖИ технологияларын қолданып отырып әзірленген медициналық көмектің (қызмет) сапасы мен көлемінің мониторингін е кемінде 50 форматты логистикалық бақылауды енгізу	"Saqtandyru" АЖ-дағы "МКТБЖ" модификациясы Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ақпарат	ДСМ,ӘлМСҚ (келісу бойынша)	2026 жылғы 4-тоқсан	бюджеттен тыс қаражат
22	9-ші іс-шара. Қолданылған ауытқуға медициналық ұйымдардан түсетін наразылықтардың сапасына бақылау	"Saqtandyru" АЖ-дағы "МКТБЖ" модификациясы	ДСМ, ӘлМСҚ (келісу бойынша)	( 2026 жылғы4-тоқсан	

	жүргізу үшін ЖИ енгізу					бюджеттен тыс қаражат
23	10-ші іс-шара. Медициналық көмек (кызмет) көрсету саласындағы сапаны бақылау жөніндегі сарапшылардың біліктілігі мен функциялары бойынша талаптарды өзектілендіру	ДСМ бұйрығы	ДСМ, ҰДСДҒО, (келісу бойынша), ӘлМСҚ (келісу бойынша)	2027 жылғы 2-тоқсан	талап етілмейді	талап етілмейді
24	11-ші іс-шара. Медициналық көмек (кызмет) көрсету саласындағы сапаны бақылау жөніндегі сарапшы басшылығын құру. Үш деңгейлі модельді ескере отырып, медициналық көмек сапасының ішкі және сыртқы сараптамасын а бірыңғай әдіснамалық тәсілдерді әзірлеу: медициналық ұйымдардағы ішкі сараптама, деректерді автоматтанды рылған талдауды және сапаны бағалауға	ДСМ бұйрығы	ДСМ, ҰДСДҒО (келісу бойынша), ӘлМСҚ (келісу бойынша)	2027 жылғы 4 -тоқсан	талап етілмейді	

	мультипәндік тәсілді қамтитын сыртқы бақылау					талап етілмейді
25	12-ші іс-шара. Медициналық көмек (қызмет) көрсету саласындағы сапаны бақылау жөніндегі сарапшылардың біліктілігін арттыру (медициналық көмек сапасына ішкі және сыртқы сараптама)	оқыту жоспары	ДСМ, ҰДСДҒО (келісу бойынша), ЖАО	(жыл сайын, 2027 – 2029 жылдар		бюджеттен тыс қаражат

3-бағыт. Кәсіптік медициналық қоғамдастық пен пациенттердің рөлін күшейту

26	1-ші іс-шара. "РБЖ 2.0" АЖ-да кәсіптік медициналық және пациенттік қауымдастықтардың электрондық тізілімін енгізу	"РБЖ 2.0" АЖ-да тізілім	ДСМ, РЭДСО (келісу бойынша), ҰДСДҒО (келісу бойынша)	(жыл сайын, 2026 – 2030 жылдар	көзделген қаражат шеңберінде	РБ, 001 "Денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру" бағдарламасы 104 "Ақпараттық жүйелердің жұмыс істеуін қамтамасыз ету және мемлекеттік органды ақпараттық-техникалық қамтамасыз ету" кіші бағдарламасы
	2-ші іс-шара. Бейінді медицина қызметкерлерінің құзыреттілік					

27	деңгейі бойынша ұсынымдарды әзірлеуге кәсіптік медициналық қауымдастықтарды тарту тетігін әзірлеу	ДСМ бұйрығы	ДСМ, ҰДСДҒО (келісу бойынша)	2027 жылғы 4-тоқсан	талап етілмейді	талап етілмейді
28	3-ші іс-шара. ЖАО деңгейіндегі медициналық ұйымдар бөлінісінде көрсетілген медициналық көмектің сапасы туралы ЖАО үнемі жария есеп-қисапты ұсынуды бекітумен сапа мен қауіпсіздік бойынша индикаторларды әзірлеу және енгізу	ДСМ бұйрығы	ДСМ, ҰДСДҒО (келісу бойынша), ЖАО	2027 жылғы 4-тоқсан	талап етілмейді	талап етілмейді
29	4-ші іс-шара. ПҚҚ және медициналық ұйымның ішкі сараптамасын жетілдіру	ДСМ бұйрығы	ДСМ, ҰДСДҒО (келісу бойынша)	2026 жылғы 3-тоқсан	талап етілмейді	талап етілмейді
30	5-ші іс-шара. ПҚҚ мамандарының құзыреттілік деңгейін арттыру	оқыту жоспары	ДСМ, ҰДСДҒО (келісу бойынша), ЖАО	(жыл сайын, 2026 – 2030 жылдар		бюджеттен тыс қаражат
4-бағыт. ЖИ қолданумен сапаны басқару жүйесінің цифрлық трансформациясы						
31	1-ші іс-шара. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің ақпараттық жүйелерін	ақпаратты жүйелерді	ДСМ, РЭДСО (келісу бойынша)	2026 жылғы 1-тоқсан	талап етілмейді	талап етілмейді

	оңтайландыру жөніндегі жоспарды әзірлеу	оңтайландыру жоспары				
32	2-ші іс-шара. " Медициналық деректердің бірыңғай қоймасы" тәжірибелік пайдалануға беру	тәжірибелік пайдалану актісі	ДСМ, РЭДСО (келісу бойынша)	2026 жылғы 2-тоқсан		бюджеттен тыс қаражат
33	3-ші іс-шара. "Ұлттық ақпараттық жүйе" модулін енгізу	көрсетілім хаттамасы	ДСМ, РЭДСО (келісу бойынша)	2026 жылғы 4-тоқсан		бюджеттен тыс қаражат
34	4-ші іс-шара. " Медициналық ұйымдардың тізілім" енгізу	көрсетілім хаттамасы	ДСМ, РЭДСО (келісу бойынша)	2026 жылғы 4-тоқсан	көзделген қаражат шеңберінде	РБ, 0 0 1 " Денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру " бағдарламасы 1 0 4 " Ақпараттық жүйелердің жұмыс істеуін қамтамасыз ету және мемлекеттік органды ақпараттық-техникалық қамтамасыз ету" кіші бағдарламасы
	5-ші іс-шара. " Кадр					РБ, 0 0 1 " Денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру " бағдарламасы 1 0 4 "

35	ресурстары тізілімін" енгізу	көрсетілім хаттамасы	ДСМ, РЭДСО (келісу бойынша)	2026 жылғы 4-тоқсан	көзделген қаражат шеңберінде	Ақпараттық жүйелердің жұмыс істеуін қамтамасыз ету және мемлекеттік органды ақпараттық-техникалық қамтамасыз ету" кіші бағдарламасы
36	6-ші іс-шара. " Медициналық техника тізілімін" енгізу	көрсетілім хаттамасы	ДСМ, РЭДСО (келісу бойынша)	2026 жылғы 4-тоқсан	көзделген қаражат шеңберінде	РБ, 0 0 1 " Денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру " бағдарламасы 1 0 4 " Ақпараттық жүйелердің жұмыс істеуін қамтамасыз ету және мемлекеттік органды ақпараттық-техникалық қамтамасыз ету" кіші бағдарламасы
37	7-ші іс-шара. П Қ Қ платформасы н, ТСК тізілімін, кәсіптік сақтандыруды енгізу	көрсетілім хаттамасы	ДСМ, РЭДСО (келісу бойынша)	2026 жылғы 4-тоқсан	көзделген қаражат шеңберінде	РБ, 0 0 1 " Денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру " бағдарламасы 1 0 4 " Ақпараттық жүйелердің жұмыс істеуін қамтамасыз ету және мемлекеттік органды

						акпараттық-техникалық қамтамасыз ету" кіші бағдарламасы
38	8-ші іс-шара. "Денсаулық сақтаудың цифрлық картасын" енгізу	көрсетілім хаттамасы	ДСМ, РЭДСО (келісу бойынша)	2028 жылғы 4-тоқсан	көзделген қаражат шеңберінде	РБ, 001 "Денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру" бағдарламасы 104 "Ақпараттық жүйелердің жұмыс істеуін қамтамасыз ету және мемлекеттік органды акпараттық-техникалық қамтамасыз ету" кіші бағдарламасы
39	9-ші іс-шара. "РБЖ 2.0" АЖ -да есептік нысандарды енгізу	көрсетілім хаттамасы	ДСМ, РЭДСО (келісу бойынша)	2026 жылғы 4-тоқсан	көзделген қаражат шеңберінде	РБ, 001 "Денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру" бағдарламасы 104 "Ақпараттық жүйелердің жұмыс істеуін қамтамасыз ету және мемлекеттік органды акпараттық-техникалық қамтамасыз ету" кіші бағдарламасы
						РБ,

40	10-ші іс-шара. Тексеру парақтарын цифрлап, РБЖ 2.0" АЖ-ның ТСОБТ-мен интеграциясы	көрсетілім хаттамасы	ДСМ, РЭДСО (келісу бойынша)	2026 жылғы 4-тоқсан	көзделген қаражат шеңберінде	001 " Денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру " бағдарламасы 104 " Ақпараттық жүйелердің жұмыс істеуін қамтамасыз ету және мемлекеттік органды ақпараттық-техникалық қамтамасыз ету" кіші бағдарламасы
41	11-ші іс-шара. МФБК-нің " Лицензиядан кейінгі бақылау" модулін енгізу	көрсетілім хаттамасы	ДСМ, РЭДСО (келісу бойынша)	2026 жылғы 4-тоқсан	көзделген қаражат шеңберінде	РБ, 001 " Денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру " бағдарламасы 104 " Ақпараттық жүйелердің жұмыс істеуін қамтамасыз ету және мемлекеттік органды ақпараттық-техникалық қамтамасыз ету" кіші бағдарламасы

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

АЖ – ақпараттық жүйе

ӘлМСҚ – "Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры" коммерциялық емес акционерлік қоғамы

ДСМ – Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі

ЖАО – жергілікті атқарушы органдар

ЖИ – жасанды интеллект

Қаржымині – Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі

МӘМС – міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру

МКТБЖ – медициналық көмекке ақы төлеудің бірыңғай жүйесі

МФБК – Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитеті

ПҚҚ – пациенттерді қолдау қызмет

РБ – республикалық бюджет

РБЖ – ресурстарды басқару жүйесі

РЭДСО – Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің " Республикалық электрондық денсаулық сақтау орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны

ТМККК – тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі

ТСК – тәуелсіз сараптама комиссиясы

ТСОБТ – тексеру субъектілері мен объектілерінің бірыңғай тізілімі

ҰДСДФО – Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің "Салидат Қайырбекова атындағы Ұлттық денсаулық сақтауды дамытудың ғылыми орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны

ҰЭМ – Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі